

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ**



«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер вице-ректоры
Э.Қ.Идрисова

«36 06 2024 ж.

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР МҰГАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІң
2023-2024 оку жылында атқарылған**

ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

Түркістан 2024

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

**АК жұмысы ұйымдастырылды және ережелермен таныстырылып,
2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары әзірленді.**

АК мүшелеріне күн тәртібінде АК жұмысын ұйымдастыру, ережелермен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу мәселесі ұсынылды. АК кадрларды даярлау бағытындағы барлық деңгейде жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеп, ББ Реестрінде тіркелуін және қолданыстағы ББ ішкі және сыртқы сараптаулар нәтижесінде жаңартуды қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырылды. АК – университетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес құрылған Академиялық комитеттердің жұмыстарын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайды.

АК қызыметінің негізгі бағыттары және міндеттері: жаңа немесе инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу; қолданыстағы ББ жаңарту мақсатында өзіндік бағалау; өзіндік бағалау нәтижелерінде қолданыстағы ББ өзектендіру мақсатында АК және кафедра менгерушілері нақты іс-шаралар атқарды.

2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеуде университет пен кафедра мүмкіндіктеріне талдау жүргізілді. Жоспарлайтын іс-шаралар ББ-на мониторинг жүргізу барысында нәтижесін көрсетілді. Бірінші кезекте кафедра потенциалы мен білімгерлердің, жұмыс берушілердің ұсынысы ескерілді. Оқу процесі мен қатар тәжірибе өту мүмкіндіктері басты назарда ұсталды. Түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі де ББ рейтингі үшін маңызды индикаторлар. Жоспарланған мәселелер нақты орындалды. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын талдау және жұмыс берушілермен кездесулер ұйымдастырылды.

ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Жалпы, Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бірауыздан бекітілді.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

**ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай
рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету, кадрларды даярлау
нарығына талдау жүргізді**

АК мүшелері ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімдеу және оның қолданысқа ендірілуін қамтамасыз етілді. Осыған сәйкес бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау қажеттілігі ұсынылды. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау керектігі қарастырылды. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды нақтыланды. ББ-ны жақсарту және жетілдіру ұсыныстары талқыланды.

Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылып 6B016-Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша оку жоспарында көрсетілген пәндерге аудит жүргізді. Білікті, білімді, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін қажетті пәндерге сараптама жасалды. Жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында 6B016-Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалары егжей-тегжейлі талқыланып, жұмыс берушілер болашақ кадрларда қандай негізгі құзыреттіліктерінің болуы керектігіне тоқталып, бағдарламаларда практикаға негізделген қандай пәндердің болуы керектігі туралы ұсыныстар талқыланды. Сондай-ақ, қосымша білім беру бағдарламаларының (minor) пәндері талқыланып, қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысындағы жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

ББ әзірлеу тақырыбына семинар АК мүшелерімен бірге ZOOM бағдарламасымен онлайн ұйымдастырылды. Семинар барысында білім беру бағдарламасы түлегінің моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қоса алғанда, маманның құзыреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды.

240 академиялық кредит міндетті түрде менгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадр даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі, БП және бейіндеуші пәндер циклі оку пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтыды. Пәндерді біріктіру мәселесі қаралды. Білім алушылардың оку жетістіктері – білім алушылардың оку үрдісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттілігі; Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалды.

Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті және ББ өзірлеу тақырыбына байланысты семинар ұйымдастырылды. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта түжірымдалды. Қараша айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі АҚ мүшелері тараапынан қабылдны.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

**ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар ұйымдастырылды,
ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастырылып,
мазмұны талданды**

АҚ мүшелері күн тәртібіндегі білім мазмұнын жобалау тақырыбына семинар ұйымдастырыды. Бұл мәселе төнірегінде білімгерлерді сапалы білім алуына үйрету арқылы оқу мақсаты анықталды. ББ мазмұны – ғылыми білім, іскерлік және дағдының жүйесі. Білім берудің мазмұны қоғамның ЖОО-ның алдына қоятын мақсаттары және міндеттерімен анықталды. Білім берудің мазмұны – бұл қоғамның жеке адамды жан-жақты дамытуға қойылған талаптар, қоғамның әлеуметтік тәжірибе және мәдениетін өзінде бейнелейтін әлеуметтік тапсырысының моделі.

Білім беру мазмұнын анықтаушы негізгі факторларға ғылым, техника, мәдениеттің қоғамда даму дәрежесі, білім берудің мақсаты мен міндеттері нақтыланды.

Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалауда кәсіптік қызмет саласын зерттеу нәтижесінде бағдарламаның оқыту нәтижелері түжірымдалып, ОН оқыту деңгейімен, кәсіптік стандарттардың талаптарымен және (немесе) жұмыс берушілердің талаптарымен/ұміттерімен тоғыстырылған құзыреттерге байланысты қалыптастырылып, ББ мазмұны жобаланды, оқыту стратегиясы анықталды, құзыреттері мен оқыту нәтижелері мән мәтініндегі модульдер пәндердің тізбесі айқындалып, талдау жүргізу жұмыстары жүргізілді.

ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын талдау барысында білім беру стратегиясы көрсетілді. Оқытушының өз білімгерлерінің мағыналы білім алып, оны практикамен үштастыру мақсатында қолданатын барлық ресурстар анықталды. Оларды пайдалану білім беру саласындағы негізгі процестер дәрістер өткізілетін теориялық білімдермен қатар практика барысында да қолдану ұсынылды. Оқыту және білім беру тәсілдері бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерімен сәйкес жасау нақтыланды. Оқыту нәтижелері шығармашылыққа, инновацияга, қындықтарды шешуге немесе кәсіпкерлікке бағытталып, оқыту мен білім беру әдістері, әдетте, дәстүрлі, дәріс оқу түріндегі сабактарға негізделмеу керектілігі ұсынылды. Белсенді оқыту әдістері қолданылу жоспарланды. Бағдарламаны өзірлеуші топтардың сонымен қатар бүкіл бағдарлама үшін оқыту және білім беру стратегиясын қарастырылды.

Жоспарланған оқыту тәсілдерін университеттің немесе факультеттің стратегиясымен үйлестірілді. Стратегия зерттеуге негізделген оқыту, инклюзия, интернационалдандыру, көптілділік оқыту әдістемесі тәрізді тақырыптарды қамту ұсынылды. Бағалау әдістерін анықтау, бағдарламаның мазмұнын жасау және берілген мақсаттар мен білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге көмектесетін оқыту әдістеріне таңдау жүргізілілді.

АК мүшелері бірауыздан Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша желтоқсан айының атқарылған іс-шаралар нәтижесін қабылдады.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылып, жоғары оқу орнынан кейінгі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта жобаланды

2023-2024 оқу жылына ББ жаңарып, ББ пәндерінің жалпы саны өзгерді. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерден құралды. Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП), базлық пәндер (БП), және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (МК), жоғары оқу орны компоненті (ЖК) және таңдау компоненті (ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

Бакалавриат- кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде менгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер оқу пәндерін, кәсіби практика түрлерін оқуды қамтыды.

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірынғай кешені қалыптасты.

Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары мынадай нақты өлшеуіштер бойынша жүзеге асырылды: 1) білім беру қызметі жөніндегі құжаттарды және ӘАОО мен уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған басқа да мәліметтерді талдау, зерделеу жолымен өзін-өзі бағалау материалдары бойынша; 2) кешенді тестілеу нәтижелері (оқыту нәтижелерін бағалау қорытындылары); 3) білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның және жұмыс берушілердің сауалнамасының қорытындылары қарастырылды.

АК мүшелері тарапынан Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау және Гуманитарлық ғылымдар бағыттарына ішкі аудит бойынша АК есеп мәліметтері назарға алынды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АҚПАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛГАН ЖҰМЫСТАР

Кафедра ББ бойынша білімгерлерді дуальды оқыту үдерісін ұйымдастырылып, кафедра бойынша соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг және ЖОО-мен серіктестік жұмыстар нәтижелері талданы

2023-2024 оқу жылында «Тарих» кафедрасының 6В01615-тарих ББ бойынша 3 курс үшін «Тарих пәнін жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқыту әдістемесі», «Мұрағаттану», 4 курс үшін «Мұрағаттану» пәндері дуальды жүйе бойынша оқыту ұйымдыстарылды. Дуальды оқыту жүйесі бойынша М. Эбенова атындағы жалпы орта мектепте «Тарих» кафедрасы филиалының жоспары негізінде Тарих білім беру бағдарламалары бойынша мектепте кәсіптік практика ұйымдастырылды.

Бұл атқарылған әрекет дуалдық жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында менгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасы артты.

Кафедра бойынша соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг және ЖОО-мен серіктестік жұмыстар нәтижелерін талдау бойынша төмендегіше атқарылды. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының соңғы 3 жылдағы мәліметі бойынша ББ рейтинг негізінде талданған деректер: Түлектердің мансаптық перспективасы бойынша бағасы (жұмыспен қамтылу және жалақы мөлшерін талдау), сараптамалық бағалау бойынша бағасы, статистикалық деректер және студент жетістіктері бойынша бағасы, медианалық еңбекақы, жұмыспен қамтылу деңгейі, жұмыс іздеу ұзактығы сияқты нәтижелеріне талдау жүргізіліп, 2022 жылы 29 ЖОО арасынан 21 орын, 2023 жылы қатысқан 26 ЖОО арасынан 10 орынға тұрақталды. 2024-2025 оқу жылында ғылыми-зерттеу жұмыстарына ОПҚ-ң, білімгерлердің белсенді қатысуын арттыру, профессор-оқытушы құрамына ғылыми дәрежелі, шет тілдерін (ағылшын, түрік) жоғары деңгейде менгерген жас мамандарды тарту, өндірістен тәжірибелі мамандарды оқу үрдісіне тартуды тұрақты түрде жолға қою, ОПҚ-ң шетелдік жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуын арттыру жоспарланды.

АК мүшелері кафедра ББ бойынша білімгерлерді дуальды оқыту үдерісін ұйымдастыру назарға алынып, кафедра бойынша соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг және ЖОО-мен серіктестік жұмыстар нәтижелерін талдау есепке алынды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ ішкі аудитін өткізіліп, жұмыс берушілермен кездесу үйымдастырылды.

АК мүшелері наурыз айында ББ ішкі аудитін үйымдастыру тақырыбына семинар, тренинг өткізу, қолданыстағы ББ аудит арқылы бекітілген ережелерге сәйкестігін анықтау, және аудит нәтижесі бойынша ББ қайта қарау, жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Қолданыстағы ББ қайта қаралып, сарапталды.

Университет Академиялық департамент тарапынан келген Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша ұсыныстары ескерілді. Сараптамалық тұжырымдамалар мен сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, аталған ББ-лардың жақсы көрсеткішке ие болды. Қолданыстағы ББ мазмұны халықаралық талаптарға сәйкес жасалған.

«Тарих» кафедрасында жұмыс берушілермен кездесу 05.03.2024 жж. «6B0161-Тарих», «6B02231-Тарих», «7M02210»- Тарих білім беру бағдарламаларының жұмыс берушілермен жоспарлы отырысы өтті. Бұл отырысқа АҒЗИ директоры К.Жетібаев, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Мендібаева қатысты. Дөңгелек үстел барысында бәсекеге қабілетті жоғары білімі бар мамандарды даярлау, оларды одан әрі жұмысқа орналастыру, білім сапасын арттыру және тулектердің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту, сонымен қатар университет пен жұмыс берушілер арасындағы серіктестікті одан әрі нығайту мәселелері кеңінен талқыланды. Жас мамандарды қолдауда дуальды білім беру форматының элементтерін және әлеуметтік саясатты енгізудің тиімділігі мәселелері қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оңтайландыру, оның нәтижелерін және болашақ мамандардың құзыреттілігін анықтау бойынша бірлескен жұмыстарды жүргізілді. Жұмыс берушілердің элективті пәндер каталогын қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз ету мәселелері қамтылды. Жұмыс берушілермен бірлесе отырып, оқытудың барлық деңгейлерінде тәжірибеле бағытталған оқытуды кеңейту мақсатында дуальды оқыту жүйесін әзірленді. Практикаға бағытталған оқыту принциптерін ескере отырып, студенттердің өндірістегі тәжірибесін үйымдастырудың формалары мен мазмұнын жетілдірілді. Белгілі бір арнайы пәндер бойынша сабактар өткізуге, сондай-ақ оқу-әдістемелік материалдарды бірлесіп дайындауға өндірістен тәжірибелі практиктерді тарту бойынша жұмысты кеңейту мәселелері қамтылды.

АК мүшелері бірауыздан жоғары оқу орнынан кейінгі ББ ішкі аудитін өткізуі назарға алып, жұмыс берушілермен кездесу үйымдастыруды есепке алды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту ұсыныстарын талданып, жауаптар әзірленіп, жоспарланды. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктері талданды.

АК мүшелері ағымдағы жылдың негізгі оқу жоспарын дайындауда Университет Академиялық департамент тарарапынан келген Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша ұсыныстары негізінде жасалып, базаға тіркелді. Базалық пәндер (БП) – 35 кредит, Бейіндеуші пәндер циклі (КП) – 53 кредит, Фылыми-зерттеу циклы – 24 кредит, магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау – 8 кредит құрайды. Магистратура бойынша ББ 2 жылға 120 кредит болды. Қолданыстағы ББ-ны ағымдағы жылы өзгертудің қажет емес екендігі анықталды.

ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында Тарих ББ бойынша сұранысқа жауап бере алатын сапалы маман дайындау мақсатында 240 кредиттен 260 кредитке көтеру үшін айтылған ұсынысқа университет басшылығының оң пікір танытып, қолдау көрсеткендігін және 2-8 қосымша үшін қажетті окулықтар мен оқу құралдарын сатып алуға факультеттерден ұсыныс беруге мүмкіндік жасаудын ББ үшін үлкен қолдау білдірді.

АК мүшелері бірауыздан қолданыстағы ББ ағымдағы жылы талдау жүргізіліп, жауаптар әзірленуін қолдап, ББ іске асыруда университеттің мүмкіндіктері ескерілді.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАМЫР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

ББ пәндері бойынша оқулық, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды толықтыруға ұсыныс беріліп, жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері талданды

АК мүшелері ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін окулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындалды. АК мүшелері Тарих ББ лары бойынша бірқатар әдебиеттерді жаңарту мәселесі, әдебиет қорының әлі де болса жеткіліксіз екендігін атап өтіп, мамандыққа қатысты бірқатар әдебиеттерге тапсырыс беру ұсынылды.

6B01615-Тарих, 6B02231-Тарих білім беру бағдарламалары Орхун сияқты халықаралық бағдарламалар аясында студенттердің ішкі және сыртқы ұтқырлықтарын жүзеге асыру мақсатында серіктес (Сакаря, Анкара, Мармара және т.б) университеттердегі білім беру бағдарламалардың оқу жоспарлары талданып, салыстырылды. 6B01615-Тарих, 6B02231-Тарих білім беру бағдарламасы жаңартылып сараптамадан өтті.

ББ бағдарламалын әзірлеу процесі жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс негізінде нәтижелі болды. Осы бағытта жұмыс жасау барысында кафедрада ББ деңгейлері бойынша байланыс оқу жылы бойы жүргізілді. Бұл жұмыс тек ББ әзірлеуде ғана емес диплом жұмысы мен жоба тақырыптарын талқылауда, білім алушылардың практика базаларын анықтауда маңызды процес болып саналды. Сондықтан жұмыс берушілермен ББ әзірлеу жан-жақты байланыс орнатылды.

АК мүшелері жетіспейтін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тізімін жасап ұсынды. Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс орнатылды.

АК төрағасы:

Қ.Базарбаев